


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№ 7, 2018


*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



СЕЙІТОВ С.

ТАНДАМАЛЫ./ С. Сейітов, - Алматы. «Қаламгер» баспасы, 2018 - 380 бет.

Кешегі өмір мен өлім арпалысқан Ұлы Отан соғысы кезінде от пен оқ кешкен, қалам мен қаруды қатар ұстаған майдангер қазақ ақындарының үркердей шоғырының көрнекті өкілдерінің бірі ақын, аудармашы Сағынғали Сейітовтың таңдамалы жинағына автордың өзі бел ортасында болған майдан тақырыбындағы, ерлікке үндейтін лирикалық өлең-жырлары, бейбіт күндегі өмір өрнектері, туған жер, өскен ел, Отан туралы ыстық сезімге, ой-толғаныстарға толы туындылары еніп отыр. Автордың бір қарағанда қарапайым көрінетін жыр шумақтарының астарынан салмақты ой, салиқалы пікір, терең парасат-пайым аңғарылады.




Жантасов А. Жартасты жастанған жасақ (Қара майордың мұсылман батальоны). Второй мусульманский (спецназ из Казахстана) А. Жантасов — «Хантәңірі» Алматы 2018 — 624 бет.

Бұл кітапта КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрылуы мен күнделікті өмірі туралы жазылған. 1980 жылдың қаңтарында Алматы облысы, Қапшағай қаласында құрылған, аты аңызға айналған Қара майор — Керімбаев Борис Төкенұлы басқарған атақты «мұсылман батальоны» 1981 жылдың қазан айынан 1989 жылдың ақпанына дейін Совет әскерлерінің Ауғанстандағы шектелген контингенті құрамында болды. Өз іс-әрекеттерімен жасақ өшпес жауынгерлік даңққа бөленіп, арнайы мақсаттағы әскерлер арасында ең белгілі бөлімдердің біріне айналды.



Әбікенұлы С. Жолбарыс жымы: Әңгімелер, аңыздар, хикаялар, ойлар, сатира/ С. Әбікенұлы — Алматы, «Аспантау» баспасы, 2018 жыл - 342 бет.


Бұл кітапта жазушы Серік Әбікенұлының өткен ғасырдың 1916 — 1932 жылдар аралығында коммунистік жүйеге қарсы күрескені үшін «банды» атанған қазақ батырлары жайлы хикаялары, кейіпкерлері шынайы өмірден алынған, арамызда жүрген адамдар жайлы әңгімелері, ой-толғамдары, ел аузынан жинаған аңыздар мен сатиралық шығармалары топтастырылған. «Жолбарыс жымы» — өткеннің шері, бүгінгінің мұңы мен болмысын қозғайтын еңбек.



ЗАМАНА СӨЗІ. /жауапты шығ. А. Ахметова. - Алматы: «Әдебиет әлемі», 2016. - 244 бет.

Бұл кітапқа филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Уәлихан Қалижанұлы Қалижановтың тарих, әдебиет жайындағы зерттеулері, ел тұтастығын қорғаған батырлар мен би-шешендер, ұлт мәдениетінің кемелденуіне үлес қосқан қайраткер тұлғалар туралы тың көзқарастағы әдеби, ғылыми-танымдық бағыттағы мақалалары еніп отыр.


Сонымен қатар, кітапқа орысша жазылған мақалалар, зерттеулер мен эсселер де енгізілді.



СӘТТІБАЙҰЛЫ К. "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!..": эсселер, сұхбаттар /Сәттібайұлы К. -Алматы: "Қаламгер", 2017 - 387 бет.


Белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаны өзіне ұстаз санамайтын ақын, жазушы, журналист кемде-кем. Солардың бірі - талантты жазушы, қаламы қарымды журналист Көсемәлі Сәттібайұлы. Ол қолдарыңыздағы кітабында қаламгер ағасының шындық деп шырылдаған қайраткер келбетін шынайы шеберлікпен сомдап, оның қоғам мен әдебиеттегі алған асулары мен қол жеткізген биігін көркем тілмен қағазға түсіріпті.

Әлем әдебиетінің алыптарымен болған әңгімелерден, естеліктерден және эсселерден Шерағанның бейнесін көріп, болмысын танысыз.



Жарылқағанов Ә. Тәртіп пен тағылым. /Жарылқағанов Ә. — Алматы, «Қаламгер» баспасы, 2018. — 380 бет.


Белгілі қаламгер, журналист-заңгер Әлімхан Жарылқағановтың бұл жинағы «Сыр», «Сарап» және «Сұхбат» деген бөлімдерден тұрады. Алғашқы бөлімде автордың өз өмірі, өсіп-өнген ортасы туралы естелік жазбалары, екінші бөлімге ішкі істер органдары баспасөзінің, тарихы мен қызметі жөніндегі ғылыми-зерттеу мақалалары, ал соңғы бөлімге автордың өзінің журналист ретінде жүргізген интервьюлері мен бұқаралық, ақпарат құралдарына берген сұхбаттары еніп отыр. Еңбекте қоғамдық, тәртіп сақтау саласы қызметкерлерінің ел тыныштығын күзету жолындағы қиын да күрделі жұмыстары жайлы әңгімеленеді.



Соқпақбаев Б. Тандамалы. Роман, хикаяттар, әңгімелер / Б. Соқпақбаев. - Алматы: "Қазақпарат" баспасы, 2018. - 1116 бет.


Қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі көркемсөз шебері Бердібек Соқпақбаевтың тандамалы шығармалар жинағына «Өлгендер қайтып келмейді» романы, кезінде қалың оқырман қауымның жылы бағасын алған «Қайдасың, Гауһар?», «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым - Қожа» т.б. хикаяттары еніп отыр.

Сонымен бірге кітаптан автордың қаламынан шыққан бір топ әңгімелері, жазушы өмірінің әр кезеңдегі сәттерін бейнелейтін құнды фотосуреттер орын алды. Қазақ әдебиетінде айшықты із қалдырған атақты қаламгердің асқақ рух пен асыл адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын өшпес туындылары рухани игілікке айналып халқымен бірге жасап келеді.



Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 5-том. (Тәуелсіз Қазақстан философиясы) / А.Х. Бижанов және С.Е. Нурмұратовтың жалпы редакциясымен. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2017.

Қазақ философиясының тарихы бойынша іргелі бес томдық академиялық зерттеудің бесінші томы Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінің философиясына арналған. Еңбекте тәуелсіздік құбылысының тарихи-философиялық аспектілері ғылыми зерделеніп, ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ басында қалыптасқан қазақстандық философиялық мектептің ой-тұжырымдары зерделенеді. Бұл ұжымдық монографияда негізінен еліміздегі қазіргі таңдағы рухани жаңғыруға қызмет ететін идеялар философиялық тұрғыдан сараптаудан өткізіледі.



Қосбасаров Б. Қобыз өнері: Музыка оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы/ Б. Қосбасаров. - Алматы, «Айғаным» баспа үйі, 2018. -172 бет.

Автор өзінің көп жылғы ұстаздық және қобызшы ретінде жинақтаған тәжірибесін осы кітап арқылы беріп отыр. Қобыз үйрену қыр-сыры, оған берілетін әдістемелік кеңестер, оң қол мен сол қол саусақтарының аспапқа қалыптасуы, саз сарынына лайықты үннің шығуы, қобыздың ұлттық нақышы мен жалпы табиғаты жайында лайықты дәріс беріледі, сондай-ақ кітаптан қобыз өнерінің ірі өкілдері туралы мол деректер табасыз.

Оқу құралына халық күйлері, халық композиторларының шығармалары мен Қазақстан композиторларының қобыз күйлері дәстүрінде жазылған бірқатар еңбектері еніп отыр.




Жандыбаев Ғ. Шығармалары. 2-том: Эсселер, этюдтер. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. - 400 бет.

Үш томдық шығармалар жинағының екінші томына ақынның қырық жыл бедерінде (1977-2017) қағаз бетіне түсірген, төрт кітаптан тұратын «Оттан түспеген ойлар» эсселер мен этюдтер циклінің «Өмір формуласы» деп аталатын бірінші бөлімі енді.




ШЕЖІРЕЛІ ШАҢЫРАҚ. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018.-236 стр.

Оқырманға ұсынылып отырған бұл кітап мұның алдында жарық көрген мектептің соңғы онжылдық жетістіктерін баяндайтын мерейтойлық басылымның жалғасы іспеттес. 70 жыл аясында мектептің ұстаздар ұжымы республикамыздағы дарынды балаларға кәсіби-музыкалық білім беруде, дамытуда қыруар еңбектер атқарды. Соның арқасында мектеп шәкірттері республикалық халықаралық сындарлы байқауларда шығармашылық жетістіктерге қол жеткізіп, жеңіс тұғырларына көтерілді.




Асанов С. Екі томдық шығармалар жинағы, I том./ С.Асанов. - Алматы, Хан тәңірі, 2018. - 380 бет.

Қазақ поэзиясында айшықты із қалдырған белгілі ақын Сабырхан Асановтың бұл жинағына ыстық сағынышқа, сүйініш пен күйінішке, сыршыл да шыншыл сезімдерге толы бір топ лирикалық өлең-жырлары, әйгілі орыс және шетел ақындарының туындыларының аудармаларымен қатар автордың қаламдас аға-інілері, әріптестері жайлы қызықты да ғибратты естеліктері еніп отыр. Айтулы қаламгердің шығармалары замана көшіне ілесіп, халқымен бірге жасап келеді.




Әбілқайыр хан. Аңыз бен ақиқат: Жинақ / Құраст. Ә. Қойтанов.
- Алматы: «Керемет медиа», 2018. - 320 бет.

Бұл жинақта Әбілқайыр хан туралы кеңестік және шетелдік тарихшылар қалыптастырған көзқарас, оның қайраткерлігі мен тарихтағы орнына жаңаша қарауға бетбұрыс жасайтын деректер, дәйектемелер келтірілген белгілі тарихшылардың еңбектері топтастырылды.



Көкеев Е.А. Тікенсіз гүл./ЕА. Көкеев — Алматы. «Қаламгер» баспасы, 2018 - 380 бет.

Қаламгер Еркін Көкеевтің бұл кітабына халқымыздың XX ғасырдағы Кеңес дәуірі кезеңінде басынан кешкен оқиғалар өзек болған. Автордың «Тікенсіз гүл» атты өлеңдер жинағына қазақ елінің тарихына қатысты ғылыми-зерттеу мақалалары еніп отыр.



ҚОШЫМ-НОҒАЙ Б.С.

Достық жоралғы: Балаларға арналған аударма өлеңдер, такпақтар, санамақтар, жұмбақтар, ертегілер. - Алматы: «Керемет медиа», 2018. - 288 бет.

Нәсіліне, ұлтына, туған жеріне, шыққан тегіне қарамастан ғажайып ғаламшарымыздың түкпір-түкпірінде тұратын барлық баланың табиғаты қандай ұқсас десеңші! Тіпті тілі шыға қоймаған әртүрлі ұлттың баласын бір-бірімен жүздестіре қалсаңыз, олар өзара «тіл табысып» кетпей ме? Әдетте біз балаларға ересек адамдарды үлгі ретінде ұсынамыз. Періштедей пәк сезімді, жан дүниесі кіршіксіз таза сәбилердің өзі ересек адамдарға үлгі бола алады емес пе?! Әлемнің алуан тілді ақындарының балаларға арналған туындылары да осыны аңғартады.

Ақын Байбота Қошым-Ноғайдың аудармашылық өнерінің бір қырын танытатын бұл кітаптағы ғибратқа толы тәржімелік туындылар да - аударма өлеңдер, такпақтар, санамақтар, жұмбақтар, ертегілер де алғашқы мүшелі тойлана қоймаған балдырғандарға, сонымен қатар ұрпақ тәрбиесіне бейжай қарай алмайтын балабақша тәрбиешілеріне, ұстаздар қауымы мен ата-аналарға арналады.



ТІЛЕГЕНОВ Бекежан. ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ. Сексен алтыншы жыл: Роман. - Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2018.

Т. 1: — 320 бет.

Көрнекті қазақ жазушысы Бекежан Тілегеновтың көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына «Сексен алтыншы жыл» атты романы еніп отыр. Осы уақытқа дейін жарияланбаған бұл шығармада Желтоқсан көтерілісінің тууына себепкер болған саяси-қоғамдық жағдай мен адамдардың тағдыры, жалған идеяның жандайшабы болған аға буын өкілдері мен жас буынның арасындағы тартыс талқысы шынайы суреттелген.


«Сексен алтыншы жыл» романы — қаламгердің көркем шығарма саласындағы шоқтығы биік шығармасы. Бекежан Тілегеновтың бұл романын оқи отырып, оқырман қауым қазақ тарихындағы қайғылы да қастерлі Желтоқсан оқиғасының қарсаңында қалыптасқан қысаң жағдай туралы жан-жақты дерек ала алады.



ТІЛЕГЕНОВ Бекежан. ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ. Тұйық өмірдің құпиясы: роман-толғау/ (айтылмай келген шындық). - Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2018.

Т. 2: - 328 бет.


Бекежан Тілегеновтің шығармалар жинағының II томына саясаттың қолшоқпары болған, бақталастық пен биліктің соңына түскен жандардың өмірі, өзі куә болған жағдайлар толық қамтылған «Тұйық өмірдің құпиясы» атты толғау-эссесі еніп отыр. Жазушының «Тұйық өмірдің құпиясы» атты роман-толғауынан басқа шығармалары осы уақытқа дейін баспадан жеке кітап болып шыққан жоқ.



Рымжанов Т. ГҮЛ АҒАШЫ- ертегі-хикаят /Таупық, Рымжанов. - Алматы: «Балалар әдебиеті», 2018. — 320 б.


«Гүл ағашы» ертегі-хикаятының алға қойған мақсаты — шайтан, пері, адамзат арасындағы шиеленіскен тартыс үстінде оқырманға олардың тәрбиелік мәнін ашып беру. Перілер басынан жағымды да, жағымсыз да қылықтар байқалып отырса, шайтандарды тек жағымсыз істер төңірегінен көруге болады. Ал, ертегінің негізгі кейіпкері — адамзат ұрпағы жас Қарабек бастапқыда ат басындай алтынға бола шайтандардан алданып қалып, ақыры, пері қызы Шәки-Жамалдың, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен шайтандарды жеңеді.

Ертегі-хикаят ақ, пен қараның күресі үстінде ақ, жеңіп, қара жеңіліп, ертегі үлгісімен аяқталады.



Мекебаев А. Шығармалары/Адам Мекебаев. - Алматы: «Нұрлы Press.KZ» -2018, Т.3.-2018-384 бет.

Қашанда ізденісте жүріп қарапайым халық бастан кешіп жатқан мәселелерді қаламына батыл арқау ететін жазушының бұл томына Байқоңыр космос айлағынан ұшырылып жатқан түрлі зымыранның тек сол төңіректің тұрғындарына немесе адам баласына ғана емес, жалпы жер бетінде қыбырлаған тіршілік атаулы мен көгеріп шығатын көк шөпке дейін зардабын тигізетін экологиялық кеселді-кесапат екенін көркем сөзбен барынша батыл кестелеген «Дауылды жер» романы еніп отыр. Ал қыз баланың бойжеткен кезде түрлі аласапыран сезімге бой алдыруы салдарынан ұшырасатын өкінішті тағдырын суреттейтін «Жар жағалаған қыз» повесі мен бала тәрбиесіне қатысты қым-қиғаш оқиғаға толы «Кездік» повесі де осы томның еншісінде.




Сақ Қ.Ө. Алаш көсемсөзі: шаруашылық мәселесі.

Т. 4. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. — 400 бет.


XX ғасырдың басында қаймана қазақтың қамын ойлап, ұлт азаттық күресінің көрігін қыздырған алаш зиялылары елдік мүдденің бір тұтқасы ретінде ел ішінде кәсіпкерлікті дамыту жолдары мен шаруашылық ісін жүргізудің тиімді үлгілерін өз көсемсөздеріне арқау етті. Егін егу, мақта шаруашылығын жетілдіру, мал тұқымын асылдандыру, өндіріс орындарын ашу секілді кәсіп көздеріне қатысты мәселелердің түйінін шешу мақсатындағы ой-тұжырымдары бүгінгі күні де құнды.

Жинаққа алаш көсемсөзшілерінің XX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында қалың оқырманмен қауышқан қазақтың тұңғыш газет-журналдарында жарық көрген кәсіпкерлік пен шаруашылық жайында жазылған құнды туындылары мен тақырыпқа қатысты мұрағат материалдары топтастырылып отыр.



Иманасов С. Айтып-айтпай не керек... Сәкен Иманасов. - Алматы: ЖШС "Қазақстан" баспа үйі", 2018. -560бет.

Көрнекті ақын Сәкен Иманасовтың «Айтып-айтпай не керек...» - деп аталатын бұл шығармасы негізінен әдеби портреттер, естеліктер, алуан тақырыпты қозғайтын мақалалар мен эсселерден тұрады. Елге белгілі тұлғалар өмірінен алынып, жатық тіл, көркем оймен көмкерілген шығармалар оқырман жұртты бей-жай қалдырмасы ақиқат.




Джунисбеков М.Ш., Темиргалиев Т.К., Жанузакова Р.Д., Тлеубаева Ж.С.

Байланыс инженерлігіндегі бағдарламалық құралдар. Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2017.- 176 б.

Оқу құралында, байланыс жүйелеріндегі процесстерді зерттеулерге және зерделеуге арналған бағдарламалық құралдар қарастырылған және мысал ретінде виртуалды зертханалық жұмыстар келтірілген.


Зертханалық жұмыстарда, жұмыстарды жүргізу кезегі мен есеп беру талаптары көрсетілген, инженерлік пәндердегі байланыс пен автоматика жүйелерін зерттеу үшін, олардың бағдарламалық қамтылуында нақты өлшеу аспаптарын қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.



З.С. Тоқыбаев, С.Қ. Алтайбаев

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару құқығы: Дәрістер курсы / Д. Т. Кенжетаевтың жалпы редакциялауымен дайындалды. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы. 2017. — 201 бет.

Дайындалған дәрістер курсы қылмыстық жазаны атқару, сотталғандардың түзелу жолына түсуіне ықпал ететін шаралар жайлы көптеген мағлұмат береді. Бұл құрал сонымен бірге Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару құқығы курсының бағдарламасы бойынша заңгерлік жоғары оқу орындарындағы студенттер мен курсанттардың осы пән бойынша семинарлық сабақтарға дайындалуға және тәжірибедегі қызметкерлер үшін іс-тәжірибеде пайдалануға арналады.



Бекасыл Биболатұлы. ЗИКЗАЛ. - Астана: «Ғылым» баспасы, 2017


1 кітап.-912 бет.


2 кітап.-912 бет.

Қазақ халқынан шыққан ғұлама Бекасыл Биболатұлының (1822-1915 жж) бұл асыл мұрасы «Зикзал» алғаш рет 2005 жылы бір том болып, екінші рет 2011 жылы толықтырылып, екі том болып «Жұлдызнама» деген атпен жарық көрген болатын. Алғашқы нұсқасын аударғандар - Мақсұт Шапиғи мен Сәрсенбі Дәуітұлы, екінші нұсқасын аударған - Абдулла қажы Жолдасұлы. Алғы сөзін жазған - көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков.

Араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінде жазылған бұл аса құнды мұра алғашқы екі басылымда да толық аударылмаған болатын. Соңғы жылдары араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінің білгірі, белгілі дінтанушы, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы жанындағы Ғұламалар кеңесінің мүшесі Зәріпбай Жұманұлы Оразбай бұл еңбекті толық аударып шығып, 2014 жылы «Нұрлы өрнектер» деген атпен жариялады.


Тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың қымбат жауһарларының бірінен саналатын бұл еңбегін Бекасыл Биболатұлы адам баласының танымын қалыптастыру мақсатында жазған. Автор өзі өмір сүрген дәуір мен қоғамның заңдылықтарын, өзіне дейінгі көшпелі далалық өмір салтындағы дәстүрлі қазақи дүниетанымдық болмысты исламның этикалық талап-құқығы негіздерімен үйлестіре отырып, туған халқын рухани тазалыққа шақырады. Адамзат қалыптастырған өмір салтын, ислам қағидаттарын терең меңгерген дана осы еңбегімен өзінің арғы-бергі замандағы асқан ғұламалардың бірі екендігін дәлелдейді.






Такишов А.А., Кудайкулов А.К., Аринов Е. Математическое моделирование нелинейных термомеханических процессов. Монография. - Жезказган: АО «ЖезУ», 2016.- 237 с.

В исследовании на основе энергетических принципов и метода конечных элементов разработана математическая модель, вычислительный алгоритм и комплекс прикладных программ, позволяющих решать термомеханические задачи.




Проблемы загрязнения основных трансграничных рек Казахстана: в 3-х томах. /Под редакцией академика РАВН, д.т.н., профессора М.Ж. Бурлибаева. - Т. 3. Бассейны рек Шу и Талас. - Алматы: Издательство «Қағанат». - 2018. - 511 с.

В современных условиях происходит не только количественное истощение транзитного стока трансграничных рек, но и его загрязнение. При этом надо помнить, что семь речных бассейнов Казахстана из восьми являются трансграничными водотоками. В соответствии с вышесказанным, нам необходимо ответить на вопрос, сколько и какие загрязняющие вещества привносятся из сопредельных государств с транзитным стоком, а сколько образовывается собственно на территории Республики Казахстан.




Ашимбаев Т. Экономика Казахстана от плана к рынку: публицистика 70-90-х гг. XX века. К 100-летию со дня рождения. - Алматы, 2018. - 504 с.

В сборнике статей и выступлений академика Т. Ашимбаева (1918-1995 гг.), подготовленном к его 100-летию, представлены материалы об экономическом развитии Казахстана в советский период и первые годы независимости, о проблемах и перспективах республиканской экономики, состоянии и развитии экономической науки, дана оценка эффективности проведенных и проводимых реформ.




Домбровский Б. Өнегелі өмір / под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. Вып. 141. - 376 с., рис.

Книга посвящается академику АН КазССР, доктору биологических наук, заслуженному деятелю науки КазССР, профессору, крупному теоретику биологической науки Брониславу Александровичу Домбровскому. Бронислав Александрович - автор оригинальных работ по орнитологии, сравнительной анатомии и биоморфологии животных, синтетической зоологии и эмбриологии, истории биологической мысли, философии, биоэнергетике и эволюции животного мира.




Некоторые аспекты гидроэкологических проблем Казахстана: сборник научных трудов КАПЭ, выпуск 2. - Алматы: изд. «Қағанат». - 2018. - 488 с.

В сборнике научных трудов рассматриваются вопросы современного экологического состояния основных водотоков Республики Казахстан, а также казахстанского сектора Каспийского моря. Предложены новые методы прогнозирования качества вод рассматриваемых водотоков и водоемов, а также биоты.



Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. - Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2018. - 562 с.

Книга посвящена истории Казахстана в составе Российской империи. Она охватывает период с начала XVIII века, когда стали формироваться первые отношения зависимости казахов от России и стали оформляться первые соответствующие договора, до революции 1917 года. В книге рассматриваются различные аспекты взаимодействия Казахстана и России в контексте их общей истории, включая формирование зависимости, процессы модернизации, земельный вопрос и многие другие.




Состояние и возможности минерально-сырьевой базы Казахстана для производства легких заполнителей бетонов и минеральной ваты. В.В. Коробкин, И.Б. Саматов., Ж.С. Тулемисова, Е.А. Добровольская. - Алматы: КБТУ, 2017. - 174 с.

В монографии обобщены результаты полевых, фондовых, минералогический и экспериментальных исследований магматических пород Казахстана для камнелитного производства с целью получения керамзита и базальтовой минеральной ваты.

Выделены и изучены основные источники камнелитного сырья на территории главных экономических центров Казахстана. Исследованы особенности геологического строения выбранных объектов.

На основании проведения комплекса геологических и ряда физико-химических лабораторных исследований получена информация о технологических свойствах камнелитного сырья. Охарактеризованы образцы лабораторной продукции, которую планируется внедрить в производство.

Показана перспектива производства керамзитового материала и минеральной ваты на базе казахстанских сырьевых объектов.



**Информатика и прикладная математика: Мат. II Межд. науч. конф. (27-30 сентября 2017 г).
- Алматы, 2017**

Ч.1.- 412 с.

Ч.2.- 424 с.

В сборнике опубликованы доклады, представленные по 5 секциям от Республики Казахстан, Российской Федерации, США, Латвии, Польши, Республики Беларусь, Украины, Азербайджана, Японии, Кореи, Португалии, Испании, Англии, Греции, Кыргызской Республики и других.

Рассмотрены актуальные вопросы в области математики, информатики и управления: математического моделирования сложных систем и бизнес-процессов, исследования и разработки защищенных и интеллектуальных информационных и телекоммуникационных технологий, математической теории управления, технологий искусственного интеллекта.

Современные проблемы информатики и вычислительных технологий: Мат. науч. конф. (29-30 июня 2017 г). - Алматы, 2017. - 303 с.



В сборнике представлены материалы конференции ИИВТ МОН РК «Современные проблемы информатики и вычислительных технологий».

В сборнике опубликованы научные материалы сотрудников института, докторантов PhD и магистрантов, а также научных работников, принимающих участие в проектах по грантовому и программно-целевому финансированию.

Рассмотрены актуальные вопросы в области информационных и вычислительных технологий, информационной безопасности, проблем распознавания образов, классификации и теории принятия решений, оптимизации и оптимального управления динамическими системами, разработки моделей методов и информационной технологии построения интеллектуальных экспертных систем прогнозирования и управления сложными объектами, математического моделирования и управления динамическими, техническими и экономическими системами, теории моделей и спецификаций информационных систем, робототехнических систем, проблем синтеза и распознавания казахской речи.